

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№40
(910)

Бейсенбі, 8 қазан 2015 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Қазақ хандығының құрылғанына – 550 жыл

Өткенді өнеге тұту – парызымыз



Үстіміздегі жыл тарихқа таңба болып басылар ерекше мерекелермен есте қалары анық. Алдымен Ұлы Жеңістің 70 жылдығын Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын атап өткен қазақстандықтар енді Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлауда. Осынау даталы күнге орай республика көлемінде түрлі спорттық, мәдени шаралар жыл басынан бері ұйымдастырылып жатқаны белгілі, ал 11 қыркүйекте елордадағы Тәуелсіздік сарайында Елбасының қатысуымен Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиын өткірілді. Халықаралық қауымдастық өкілдері, Парламент депутаттары, мемлекеттік орган басшылары, мәдениет және өнер қайраткерлері, зиялы қауым, отандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысқан бұл жиында Н.Ә.Назарбаев сөз сөйлеп, баршаны торқалы тоймен құттықтады. Тойды өткізудің ерекше себептерін атап өтті. Ұлы тарихымызды ұлықтайтын керемет шара Жамбыл жерінде өткізілетіндіктен оған іргелес жатқан елдімекендер мен ондағы тұрғындардың да тойдан тыс қалмасы анық. Осы ретте Елбасы сөзінен туындағын ой-пікірлерін ортаға салу үшін бірнеше азаматты сөзге тарттық.

2014 жылдың 11 қарашасында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауында «2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы» дей келе, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығы және Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өтетінімізді сөз етті. Мерейлі мерекелер рет-ретімен өз деңгейінде атқарылса, енді міне өткенімізді бағамдайтын тамаша той – Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлаудамыз. Астана төрінде өткірілген салтанатты жиынға қатысушылар алдында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы Қазақ хандығының 550 жылдығын мерекелеу – халқымыздың даңқты шежіресіне тағзым және қазіргі ұрпақ үшін тарихтан тағылым алу екенін атап өтті. Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі ұрпағы ел мәртебесін бұрын-соңды болмаған биікке көтеріп, ата-бабаларымыздың сан ғасырлық арманын жүзеге асырғанын айтты. Қазақстан Президенті сондай-ақ 2 мың жылдан астам тарихы бар ежелгі Таразда Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған монумент салтанатты түрде ашылатынын мәлімдеді. Тарихы тереңнен бастау алатын Тараз өңірінде өтетін мән-маңызы зор мерекенің біз үшін де мәртебесі биік. Сондықтан да Елбасымыздың Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиында сөйлеген әрбір сөзі ерекше толқытты деп айта аламын. Еліміз үшін маңызды оқиға – Қазақ хандығының 550 жылдығы мәртебемізді есіріп, бірлігімізді одан әрі нығайтатын шара екендігі сөзсіз. Бұл іс-шара өскелең ұрпағымыздың өз тарихын білуіне түрткі болады. Жастарды патриотизмге тәрбиелеп, халықтың ортақ қазынасы – тарихи-мәдени мұрасын жандандыруға септігін тигізери де анық. Ұлы дала тағылымын жеткізген Мемлекет басшысының сөзін қазақ елінің тарихына берілген лайықты бағасы деп түсіндік. Президент айтқандай, «Бабалар тұлпарының тұяғымен жазылған қазақ тарихының әр парағы Қазақстанды Отаным деп санайтын ұлттар мен ұлыстар үшін де қымбат». Бүкіл әлем халықтары толық мойындаған ауызбіршілік, ел ішіндегі түсіністік – бізді қандай қиындықтардан да алып өтетін ең басты байлығымыз. Сондықтан тәуелсіз еліміздің сарабал саясатын жүзеге асыру жолында аянбай еңбек ету – біздің парызымыз.

Раушан ТЛЕУБАЕВА,
аудандық мәслихаттың хатшысы.

* * *

Ертістен Еділге дейін созылып жатқан ұланғайыр дала төсінде талай саяси құрылымдар мен мемлекеттер өмір сүрген. 1465 жылы Керей мен Жәнібек хан Шу өзені бойындағы Қозыбасыда қазақ хандығының іргесін қалаған дейді тарихи деректер. Сол себепті де ұлы той алдағы күндері киелі Жамбыл жерінде тойланбақшы. Бұл мен секілді өсіп келе жатқан жасөспірімдер үшін үлкен қуанышты жәйт. 11 қыркүйекте Президентіміз Н.Назарбаевтың қатысуымен ару Астанада Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиынның тұсаукесері болды. Онда сөз сөйлеген Елбасымыз бұл той ең алдымен батыр бабаларымыздың биік рухына тағзым ету және тағдырдың сан алуан қиындықтарынан сүрінбей өткен ата тарихынан тағлым алу үшін өткізіліп отырғанын айтты. Расында да ұлы дала төсінде қазақ хандығының іргетасы қаланып, қазақ мемлекеттілігінің өркендеуіне жол ашылғаны шындық. Олай болса, торқалы той аясында тәуелсіздікке жетердегі мәңгілік күресте, қазақ халқының жарқын болашағы жолында жан алысып, жан беріскен хас батырлар мен хандардың, жалпы қазақ халқының өткеніне құрмет көрсету арқылы қазіргі таңда бірлігі жарасқан еліміздің өсіп өркендеуіне үлес қосуға бар күш-жігерімізді жұмсай берейік дегім келеді.

Мирас КЕНЖЕБАЕВ,
Саумалкөл қазақ ОМ-нің 10 сынып оқушысы.

Қарттар күні

ҚАРТТАРЫН ҚАДІРЛЕГЕН ЕЛ АРДАҚТЫ

«Қарты бар үйдің – қазынасы бар», – деп халқымыз ежелден қазыналы қартын қадірлеп, қасиет тұтқан.

Осынау үрдісті ұстанған аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров 1 қазан – Қарттар күнінде ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ерлан Қазбековпен бірге аудан орталығындағы Ұлы Отан соғысының ардагері Константин Кубрактың үйіне арнайы барып, Жеңіс жауынгерін айтулы мерекемен құттықтап, мерекелік азық-түлік себетін сыйлады. Әңгіме барысында Ағзам Ахметжанұлы



ардагердің қал-жағдайын сұрап білсе, Константин Ильич аудан басшысынан ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайының даму барысы толғандыратынын жеткізді. Ардагердің сауалына жауап берген аудан әкімі, өңіріміздегі атқарылып жатқан оң істер мен алдағы жұмыстарды да саралап берді. Әңгіме соңында Жеңіс жауынгеріне мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасылық шаттық тіледі.

Сондай-ақ аудан басшысы тыл еңбеккері, көпбалалы ана, 91 жастағы Күлш Базарбекованың, 25 жастағы I топтағы мүгедек азамат Александр Дугарьдың және Ұлы Отан соғысының ардагері Владимир Зуевтардың да отбасыларында болып, оларды мерекемен құттықтап, арнайы сый-сияпат жасады.

Осы күні түске таман Қарттар күніне арналған мерекелік шара «Аққайың» дәмханасында жалғасты. Дастархан басында ауданның әр елді-мекендерінен жиналған аға буын өкілдерін аудан әкімі Ағзам Тастеміров мереке күнімен құттықтап, оларға денсаулық, ұзақ ғұмыр сұрулеріне тілектестігін

білдіріп, «Халықаралық Қарттар күні барлығымыз үшін ерекше мереке. Бұл мереке қарттықты білдіру мерекесі емес, аталарымыз бен әжелеріміздің, аға буынның алдындағы парызымызды еске салатын күн. Борышымызды тек осы күні ғана еске алудың қажеті жоқ. Оны әрдайым естен шығармауымыз қажет», – деді.

Келесіде сөз алған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Армия Әбілқайыров елімізде жыл сайын қарттарымызды құрметтеуге бағытталған іс-шаралардың ауқымы кеңейіп келе жатқандығын және де осындай игілікті істер үшін аудан басшысына алғыстарын жеткізді.

Сонымен қатар дастархан басында Ұлы Отан соғысының ардагерлері Александр Белоног, Ескендір Керімов, тыл ардагері Айтмағанбет Дауылбаев, ардагерлер Сапар қажы Мұқатаев, Жама Құсайынов, Тайлақ Жалмұрзенов, Валентина Косаревалар сөз алып, баршаны мерекелерімен құттықтай келе, жүрекжарды алғыстарының шексіз екенін де жеткізіп жатты.

Сондай-ақ, аудан басшысы 60

жыл бірге жұптары жазылмай өмір кешіп отырған Кенжебай Қожақов пен Ақлима Сейтқалиеваны, 50 жыл бірге отасқан Мереке мен Күлбағила Бейсембаевтарды, Григорий мен Галина Дзюбандарды және Мұсаип пен Сәуле Аюловтарды қошеметтеп құттықтап, гүл шоқтары мен арнайы естелік сыйлықтар табысты. Мерейтой иелері де өздерінің жүрекжарды тілектерін жеткізіп, өннен де шашу шашты.

Мерекелік дастархан басында әр жылдардағы өндер шырқалып, қарттарымыз бір серпіліп қалды.

Аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары ұжымы мүшелері күшімен дайындалған шағын концерт те көпшілік көңілінен шықты.

Біз де қарттарымызға алтын күздегі қуаныштары өсте таусылмасын демекпіз.

Осы күні барлық ауылдық округтерде және аудан орталығының үш мектебінде Володар ауылдық округінің ардагерлеріне арналып мерекелік дастархан жайылып, сый-құрмет көрсетілді.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суреттерді түсірген автор.

Оқыс оқиға

ЖАЛҒАН ХАБАР ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

Соңғы жылдары еліміз бойынша халық көп жиналатын жерлерге «бомба қойылды» деген жалған ақпарат беру жиіледі. Яғни мекеменің әлеуметтік-экономикалық жұмыс ырғағына нұқсан келтіріп, жалпы қоғамға елеулі шығын әкелетін жалған терроризм қаупі туралы жалған хабарлама жасау орын алып, тұрғындар арасында үрей тудырып, адамдардың тыныштығы бұзылуда.

Осы орайда өткен жексенбі, 4 қазан күні орталық аудандық аурухананың жедел жәрдем бөлімшесінің телефонына аурухана ғимаратына жарылғыш зат қойылғаны туралы ақпарат келіп түседі.

Құқық қорғау органдарының арнайы қызметкерлері ғимараттан адамдарды басқа жерге көшіріп, қоғамдық көліктің тоқталысын шектеп, жарылғыш затты іздеуге кіріседі. Нәтижесінде жарылғыш зат қойылғаны туралы

ақпарат жалған болып шығады. Жедел іздестіру барысында қалжыңдаған қылмыскер Константиновқа ауылының Р. деген азаматы болып шықты. Қаһарлы қылжақбас бірден қолға түсіп, аудандық ішкі істер бөлімінің уақытша оқшаулау камерасына тоғытылды. Қазіргі уақытта тергеу амалдары жүргізілуде.

Бүгінде мұндай қылмысқа барған адам міндетті түрде бас бостандығынан айырылады және сонымен қатар шығынды да төлейді. Жалған терроризм халықты үрейлендіріп, дүрбелең туғызатындықтан қоғамға қауіпті. Сондықтан халықтың арасында түсінік жұмыстарын жүргізу, оқу орындарында тәрбие сағаттарын өткізу арқылы жалған хабар берген адамның жазасыз қалмайтыны туралы тұрғындарға ескере өткен жөн.

Аудандық ІІБ-нің материалдары бойынша
әзірлеген Бағлан ҚОЖАҚОВ.

Қазан айына аудандық мәслихат хатшысының және депутаттарының азаматтарды қабылдау кестесі

(сағат 15.00-ден сағат 17.00-ге дейін)

Тлеубаева Раушан Райымжанқызы, № 8 сайлау округі, аудандық мәслихаттың хатшысы, аудандық мәслихат, 12 қазан.
Олжабаева Мәңдігүл Олжабайқызы, №3 сайлау округі, аудандық мәслихат, 14 қазан.
Есенғалиев Сырымбет Қайрошұлы, №1 сайлау округі, аудандық мәслихат, 19 қазан.
Сәлімжанов Кенжеболат Халелұлы, №2 сайлау округі, аудандық мәслихат, 21 қазан.
Жанахметов Берік Темешұлы, №4

сайлау округі, аудандық мәслихат, 23 қазан.
Еременко Наталия Николаевна, №11 сайлау округі, аудандық мәслихат, 26 қазан.
Гладкий Александр Владимирович, №5 сайлау округі, аудандық мәслихат, 28 қазан.
Байғарин Алмас Манасұлы, №13 сайлау округі, аудандық мәслихат, 31 қазан.
Саумалкөл с. Ш.Уалиханов көшесі, 44
Анықтама телефоны: 21-902.

Мереке мезеті

«Мектеп жүректерінің» мерейі

Мектеп – қасиетті білім мекені. Сол қасиетті мекенінің жүрегі - ұстаз. Ұстаз қолында — адам тағдыры, болашақ мемлект тағдыры тұрады. Ал бүгінде балаларды тәрбиелеу, білім беру - жауапты іс. Сол жанкешті еңбекке қарамастан мұғалім сөзімең, ісімең, білікті білімімең мәдениетімең ұйымдастырушылық қабілетімең төзімділігімең балаларға деген сүйіспеншілігімең, мейірімді жүрегімең асқақ. Міне, осындай мәртебелі мамандық иелерінің мерейлі мерекесіне арналған салтанатты жиын үстіміздегі жылдың 2 қазанында Ақан сері атындағы аудандық Мәдениет үйінде болып өтті.



Бұл жиынға ауданымыздың білім беру саласындағы ұстаздар мен ардагер ұстаздар қауымы жиналды. Мерекелік салтанат №2 Саумалкөл мектеп-гимназия оқушыларының ұстаздар қауымына деген жүреkkарды лебіздерімен бастау алды.

Сахна төрінде аудан ұстаздарын төл мерекелерімен құттықтаған аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров: «Ұстаз болу – үлкен абырой, әрі парасатты қызмет. Шәкірт бойына асыл-ой, адамгершілік, ұлттық сана-сезімді сіңіре білдіретін тәрбиеші, ел болашағын сөніп тапсырар, Тәуелсіз Қазақстанның әрі қарай нығаюына үлес қосар өскелең ұрпақты тәрбиелейтін беделді тұлға екені сөзсіз.

Тәуелсіздікке қадам басқан күннен бастап, мемлекетіміздің басты құндылығы – білімді адам деген қағиданы назардан шығармай, сапалы білімге қолжетімдікті қамтамасыз ету, білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адами капиталды дамыту Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың көреген саясатының басты приоритеті болып келеді. Бүгінгі таңда өліміздің ұстаздары алдында «Ұлт жоспарының «100 Нақты қадамын» жүзеге асыру аясында «Мәңгілік Ел» идеясын ұстанатын жеткіншек ұрпаққа мектеп табалдырығынан бастап, жоғары оқу орындарына дейін өлемдік деңгейде тәрбиелеп оқыту міндеті тұр. Ауданның ұстаздар қауымы осы міндетті уақыт талабына сай орындауына әлеуеті жеткілікті екенінне күмәнім жоқ» - дей келе баршасына зор денсаулық, жаңұялық бақыт, шығармашылық табыс тіледі.

Құттықтау сөзден соң жоғары кәсіби біліктілігі, жұмыстағы көрсеткен шығармашылығы және өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту жолындағы белсенділігі үшін аудандық әдістеме кабинетінің меңгерушісі Сәуле Тұралиноваға Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Құрмет грамотасын табыстаса, «Родничок» бала бақшасының меңгерушісі Сара Дүйсенбаеваны, Саумалкөл агротехникалық колледжінің мұғалімі Сәуле Қошқарбаеваны, Саумалкөл қазақ орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Мырзабике Науанованы, жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған Айыртау мектеп-интернатының тәрбиешісі Аққу Рыстинаны, Арықбалық орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі Ләзкен Рамазанованы, Гусаковка орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі Валентина Середаны, Елецкий орта мектебінің әлеуметтік ұстазы Асмад Сеферовты және №1 Саумалкөл орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Любовь Тимошенколарды аудан әкімінің Құрмет грамоталарымен марапаттады. Ал аудан әкімінің Алғыс хаттары Рудный орта мектебінің информатика пәнінің мұғалімі Ләззат Әбдрахмоваға, Бірлестік орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Айгүл Қайыржановаға, Мәдениет орта мектебінің информатика пәнінің мұғалімі Талап Қалдырбековқа, Орлиногор бастауыш мектебінің меңгерушісі Әдемі Сахаеваға, Сырымбет орта мектебінің химия және биология пәндерінің мұғалімі Қанат Сүлейменоваға, жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған Айыртау мектеп-интернатының дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Евгений Тимошенкоға және Лобаново ауыл шаруашылық колледжінің әдіскері Надежда Фагилеваларға салтанатты түрде табысталды.

Ал ауданымыздың бір топ ұстаздарына әр аталымдар бойынша қол жеткізген жетістіктері үшін аудан әкімі Ағзам Ахметжанұлы Қостанай облысындағы «Со-сновый бор» шипажайына санаторий-курорттық емдеу сертификаттарын табыс етті.

Сонымен қатар жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде 40 жыл, 35 жыл, 30 жыл және 25 жыл еңбек еткен 86 ұстазды сахна төрінде құрметтеп, арнайы сыйлықтар да табысталды.

Көтерілген көңіл-күй сыйлаған салтанатты рәсім Ақмола облыстық филармониясының мерекелік концертімен ұласып отырды.

Бағлан КЕНЖЕБАЙҰЛЫ.
Суретті түсірген Елена НЕДЮРОВА.

АЛҒЫСЫМЫЗ ШЕКСІЗ

Қасиетті Құрбан айт мерекесі күндері біздің мектеп-интернатымызға аудан әкімі- А.А.Тастеміров, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы- А.Ә.Әбілқайыров, аудан прокуроры- Б.Ж.Бәйменов, ветеринарлық станцияның директоры- С.Р.Икашев, Сырымбет ауылдық округінің әкімі- Д.К.Сүлейменов, «Баянаты» ЖШС директоры- С.Қ.Есенғалиев, жеке кәсіпкерлер- М.Байғарин, С.Махметов, М.Төкенов, Петропавл қаласынан - Н.Н.Қазбеков, Ақан сері ауылының тұрғындары - Р. Ахтанов, Е.К.Балбергенов, Н.М.Кеңеспаева, Нижний Борлық ауылынан - Махметовтар жанұясы, Көкшетау қаласынан - К.Темірханов, Ж.Пшенбаев, М.Д.Кәкімов, Кирилловка ауылынан - С.Мәженов, Саумалкөл ауылынан - А.Б.Қоспанов, С.А.Жұманов, Ермашевтар жанұясы, Сырымбет ауылынан - Е.Тоқышев, Айыртау ауылынан - М.Хамзин сияқты азаматтар Құрбан шалып, Отанымыздың тыныштығын, халқымыздың аمانдығын тіледі.

Құрметті достар! Құрбан айт күндерінде балаларға мерекелік дастарханға әкелген ас-шайларыңыз бен тамаша сыйлықтарыңыз үшін Сіздерге үлкен алғысымызды білдіреміз. Сіздердің адал мейірімдеріңіз бен ақжүректеріңіз адамгершілік пен алғыстықтың шынайы айнасы. Әрқашанда Сіздердің отбасыларыңызда амаңдық пен молшылық, бейбітшілік пен өзара түсінушілік үстем болсын! Сіздерге және Сіздердің туғандарыңызға денсаулық, амаңдық пен жақсылық тілейміз!

Айыртау мектеп-интернатының қызметкерлері мен тәрбиешілер ұжымы.

Есімі ел есінде

Естен кетпес сол бір сәт

«Мен де талай қиындыққа тоғысқам,
Менің де әкем оралмаған соғыстан.
Менің де апам ерте кеткен өмірден,
Маған дағы жақсы жандар болысқан,» - деп жырлайды жерлес ақынымыз, Көкшетау жезкиігі атанған белгілі қоғам қайраткері, ақиық ақын Кәкімбек Салықов.

2012 жылы жаз айында Астана қаласының Ұлттық академиялық кітапханасында павлодарлық Ертіс-Баяннан келген ақын-жазушылардың шығармашылық көші болды.

«**Еркіндікті аңсап күткен арман жер,
Ер ұлдары елдік әнін салған жер,
Ақындар мен ғалымдардың мекені,
Ұлылардың кіндік қаны тамған жер.
Ертіс-Баян бақ береке қонаған жер,
Елі үшін құран құстай самғады ер.
Ғалымдар мен ақындардың мекені,
Даналардың кіндік қаны тамған жер.**»

Кітапханада кітап көрмесі, түрлі түсті стөндтер көздің жауын алады.

Осы көшке қатысқан Кәкімбек Салықов ағамыз тамаша тілек айтып Ертіс-Баян өлкесінен Бұқар жырау, Мәшһүр Жүсіп, Сәбит Дөненбаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Зейін Шашкин, Доктор Дарханов, Зейтін Ахтанов, Жаяу Мұса, Бақытжан Қанапьянов шыққан жер, расында да ұлылардың кіндік қаны тамған жер деп түйіндеді сөзін. Осы кездесуде маған Кәкімбек ағаман қатар отыру үлкен бақыт еді. Немерем Темірлан бізді суретке түсірді. Сол кездесудің ағаймен ақырғы кездесуім екенін мен білмедім ғой.

Осы кеште керәулік ақын Арман Қани:

«**... Отқа да түстім,
Өртенген шақта өзегім.
Суға да түстім,
Қайтемін енді?
Төземін!**».

«**...Оспадар қоғам осқылап қанды сауырын,
Арқырап зулап келеді тоқпақ дәуірім.
Азамат болсаң,
Азамат үшін жауап бер.
Ар-ожданыңның алдында сенде, бауырым!**» - деп өр сөйлейді ақын.

«**Ата жұрт» деген өлеңінде –
Сен де мені жатырқайын дедің бе?
Ата бұлақ, түбіміз бір тегінде.
Аштық жылы кете бараан тамшықпын,
Аманат боп бір ұлыңның белінде.
Бірақ бұл сөз айтуға тек жеңіл ғой,
Салқын тартты санамдағы не бір ой.
Ата жұртым әлі жұртқа айналса,
Бұл да лажсыз мен көретін өмір ғой,»- деп ақын Қани талай шындықтың бетін ашады. Бұл тек ақын Қанидың ғана басындағы қасіреті емес екнін мойындаймыз. Қаншама шағын ауылдар құрдымға кетіп өлі жұртқа айналып жатыр.**

Менің «Кеңашы» деген өлеңімде:
«**... Әлі суға айналып айдын көлі,
Ұшқан құс, жүгірген аң бәрі қашты.
Қалды жұрты Кеңашы болмай пана,
Көлі де жоқ, ауылда жоқ, зират қана.
Құс та жоқ айдын көлде қонақтаған,
Тұман басып күрсінді мидай дала»- деп жырлауым соның дәлелі.**

Кездесуге келген Қазақстан жазушылар және журналистер одағының мүшесі Сүлеймен Баязитовтың «Алаш арыстары» деген жинағының тұсаукесері де болды. Бұл поэманың кейіпкерлері Шоң мен Шорман халықтың қалың ортасынан шыққан қарадан хан болған жандар.

«**... Талабын ақ қағазға жазып хаттап,
Отарлау саясатын ашық даптап,
«Ресей жеріңді әкет!» дөуге
Жараған қайран бабам», - десе,
Шорман туралы былай дейді:
«Сол Шорман он төртінде сөз бастаған,
Билігі дүйім елге ой тастаған.
Таныған қырдың елі, сырдың елі,
Тұлпардай топты көрсе ойқастаған».**

Мемлекеттік тіл – бірлік бастауы

Тіл тірегім, соғып тұрған жүрегім

Тіл қазақ халқының басты қасиетті байлығы. Осы байлығымызды ұрпағымызға қалдыру басты міндетіміз.1989 жылы 22 қыркүйекте еліміз бойынша Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңы қабылданды. 1990 жылғы 22 қыркүйекте «Қазақ тілі қоғамы» құрылды. Қазақстан Республикасында 22-қыркүйек күні Қазақстан халықтарының Тілдер күнін атап өтуі бекер емес. Бұл Қазақстанның барлық халықтарының ортақ мерекесі. Оның себебі тілімізді құрметтей отырып, әр ұлт өкіліне үйрету. Ата бабамыздан мұра болып келе жатқан өз ұлттық туған ана тілімізді шұбарлануына ешқандай жол бермей тап-таза күйінде ұрпаққа жеткізе білуіміз керек.

Тіл - жаңа өлемнің терезесі, достықтың көпірі. Оқушыларды өз ана тілінің қадір қасиетін білік,өз ана тілінің көркемділігін сезініп, сөз құдіретін түсініп, оның адам өміріндегі маңызын ұғуға үйретуді, тіл әуезділігін, көркемділігін байлығын таныту арқылы оқушы дүниетанымын, өз өрісін дамыту- ды, тіл тазалығын сақтау, мәдениетті сөйлеу, ана тіліне сүйіспеншілігін қалыптастыруды, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге ат салысуға шақыруды мақсат еткен тілдер мерекесіне мектебімізде жыл сайын жоспарға сай өткізіліп келеді. Дәуқара орта мектебінде 22 қыркүйектен 30 қыркүйек аралығында тілдер мерекесіне арналған «Тіл тірегім, соғып тұрған жүрегім» атты тілдер апталығы өтті.

22 қыркүйек күні тілдер апталығының ашылу салтана- тында мектеп директоры Алданш Шүрпейісов пен қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Қасым Нұрғалиевтар сөз сөйлеп, оқушылар мен мұғалімдерді мерекенің құттықтады. Сонымен қатар тілдер апталығының жоспарын жария етіп, оқушыларға ондағы іс-шаралар туралы ақпарат берілді. Орыс тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі Усина М.Ш. 10-11 сыныптар арасында «Язык – кэнааниям ключ» тақырыбында сайыс өткізді. Сайыс бес бөлімнен тұрды. Әр тапсырмалар бойынша оқушылар білімдерін көрсете білді. Жеңіске 10- сынып оқушылары жетті. Қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі Нұрғалиев Қ.Н. «Ең бірінші бақытым – тілім менің»



Автордың басқа кейіпкерлері біздің замандастарымыз. Сондықтан шығармаларында біз өмір сүріп отырған кезеңнің тыныс тіршілігі ерекше сипатталды. «Жотан» сатиралық повесіндегі кейіпкерлердің әрі-іс әрекетінен уақыт тыныс айқын аңғаруға болады. Қызықты да тар- тымды баяндалған.

Келесі жиналған қауымға ұсынылған жинақ «Тәуелсіздік тұғыры». Бұл жинаққа Қазақстан Республи- қасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай 2011 жылдың қазан айында өткен республикалық жас қаламгерлер фестиваліне қатысқан бір топ жас таланттардың шағармалары топтастырылған екен. Бұл жинаққа жерлесіміз Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының тумасы Нұртас Төлебаевтың «Тәуелсіздік тұғыры», «Тәуелсіздік келбеті», «Сәлемімді ал еркіндік» атты өлеңдері енген.

«**Ана тілінің кесіп кіндігін,
Тіпсіздердің тәрік етіп тірлігін.
Танылып азат елім бар әлемге,
Көрсетіп елдігі мен бірлігін,**» - деп жырлайды Нұртас ақын.

Арнайы шақырылған кездесу көштің қонақтарына осы ақындардың кітаптары сыйға берілді.

Осы кездесуде сөз кезегін алған Президенттің Мәдени орталығының редакторы және бас әдіскері болғын Дұрманова Гүлбаршын орханқызы бұл кездесуге айыртаулық ақын Бақыт Әбділманова да келіпті демесі бар ма. Мен таңғалдым, бұрын Саумалкөлде редактор Тайлақ Жалмұрзеновтың үйінде кездесіп мен «Жыр тұмар» кітабымды сыйға беріп едім.

Осы сәтті пайдаланып, атымды атадыңыз ғой, рах- мет, мен де бір өлеңімді оқып бердім. Кәкімбек ағаның алдында өлең оқуға жүрексінгенім рас.

Саумалкөл

**Саумалкөл Айыртауда елдің аты,
Айнадай жарқыраған көлдің аты.
Ежелден аты шыққан шар тарапқа,
Ақылды ой, парасатты азаматы.
Саумалкөл суың дәру қасиетті,
Халқың бар адал жүрек ақ ниетті.
Бірі едің сексен көлдің ақ моншақтамай,
Жеңдің бе бойыңдағы қасіретті?!
Суыңа ылай қосқан заманым-ай,
Болды екен неден сенің обалың-ай.
Қала сап етегіңе сәндеткенмен,
Өзіңе тигізіпті залалың-ай.
Сырлы аяқ сыры кетсе сыны кетпес,
Саумалкөл асылымсың баға жетпес.
Акерке Айыртаудың төсіндегі,
Сағндым тұнығыңды саумал тектес.**

Өмірінің соңғы кезінде Кәкімбек ағай «Қазақстан» телеарнасынан берген сұхбатында «Мен Айыртаудың Сырымбет деген жеріненмін. Шоқанның еліненмін» - деп мақтанашпен айтқаны есімде. Асыл ағамызбен біз мақтанамыз. Еліі, жұрты барда ақынның аты өлмейді. Иманы жолдас болсын. Өзі жырлап, сүйіп өткен елі- жұрты аман болсын!

Бақыт ӘБДІЛМАНОВА.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 9 қыркүйегіндегі №298 қаулысы

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Заңының 124-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.

2. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік

мекемесі осы қаулысы әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігі аппаратының басшысы Ә.Ә.Ғаббасовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы арнайы алғашқы жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ағзам ТАСТЕМИРОВ,
Айыртау ауданының әкімі.

Солтүстік Қазақстан облысы нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2015 жылғы 30 қыркүйегінде №3394 тіркелген.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 9 қыркүйектегі № 298 қаулысымен бекітілген

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары салаларында басшылыққа жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құзырындағы кәсіпорындар:

Айыртау ауданы әкімдігінің «Айыртау-Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

3. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі болып табылады: 150100, Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылы, Ш.Уәлиханов көшесі, 44.

4. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

5. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысандағы мемлекеттік мекеменің заңды тұлғасы, мөрі және мемлекеттік тілде өз атауы, белгіленген үлгіде бланктер мен мөртабары Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес қазынашылық органдарда есебі бар.

6. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарда өз атынан сөйлеуге құқығы бар.

7. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарда мемлекет атынан заңнамаларға сәйкес өкілеттілік берілген болса, тарап ретінде уәкілетті болуға құқығы бар.

8. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз қызметінің мәселері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

9. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат саны лимиті заңнамада белгіленген тәртіппен бекітіледі.

10. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылы, Ш.Уәлиханов көшесі, №44 үй, индексі 150100.

11. Мемлекеттік органның толық атауы:

Мемлекеттік тілінде: «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

Орыс тілінде: государственное учреждение «Отдел жилищно-коммунального хозяйства пассажирского транспорта и автомобильных дорог Айыртауского района Северо-Казахстанской области».

12. Осы Ереже «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылтайлық құжаты болып табылады.

13. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі қызметін қаржыландыру аудандық бюджет қаржысы арқылы жүзеге асырылады.

14. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер ежелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

15. Жұмыс тәртібі: «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне аптасына бес жұмыс күні тағайындалған, жұмыс уақыты аптасына 40 сағаттан аспайды, бір күнде 8 сағат (9.00-ден 18.00-ге дейін) үзіліс 13.00 сағаттан 14.00 сағатқа дейін).

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, құқықтары

16. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің миссиясы болып табылады.

17. Міндеттері:

1) Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы аумағында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында мемлекеттік саясатты жүргізу;

2) экология және айналыс қорғау талаптарына сәйкес, көлік және өлеуметтік инфрақұрылым, елді мекендерді көркейту, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларына бағытталған тапсырмаларды жүзеге асыру өкілеттілігі;

3) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсету.

18. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес, «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің міндеттері:

1) қайта жаңарту, қайта жөндеу, жолдарды күрделі жөндеу, аумақты және елді мекендерді көгалдандыру, көркейту мәселелерін реттеу, қалыпқа келтіруді жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды дайындау;

2) аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланатын автомобиль жолдары желісін, елді мекендердің көшелерін басқару;

3) аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланатын автомобиль жолдары, елді мекендердің көшелерін салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

4) аудандық маңыздағы автомобиль жолдарын ұстау, жөндеу және құрылысы жөнінде орындалған жұмыстардың қабылдануын және сапасын бақылау;

5) жолаушылар мен багажды тұрақты ауылдық және аудан ішілік тасымалдауларды ұйымдастыру, олардың маршруттарын бекіту, оларға қызмет көрсету құқығына конкурстар ұйымдастыру және өткізу, маршруттар бойынша жүру кестелерін бекіту;

6) жолаушылар мен багажды тұрақты ауыларалық және аудан ішілік автомобиль мен тасымалдау маршруттарының тізілімін жүргізу;

7) ауылдық және аудан ішілік қатынастарда өлеуметтік мәні бар жолаушылар тасымалдауларын жүзеге асыру кезіндегі тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялауды жүзеге асыру;

8) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын жағат ететін, тұрғын жайын жақсартуға өтініш берген азаматтардың тізімін есепке алуын жүргізу, сараптама жасау;

9) коммуналдық тұрғын үй қорын сақтау және тиісінше пайдалану жөнінде іс-шаралар ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

10) жалдаушылармен коммуналдық тұрғын үй қорынан берілетін үй жалдау шарттарын жасау;

11) коммуналдық жалға берілетін тұрғын үй қорының бөлуін ұйымдастыру;

12) мемлекеттік тұрғын үй қорынан үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою мен олардың кезектілігін жүргізіледі;

13) ауданның су құбырларын, тазалау, құрылыстарын, жылу және электр желілерін және басқа көлік пен инженерлік инфрақұрылымының нысандарын салу және пайдалануды ұйымдастыру;

14) бөлімнің қызметіне байланысты аудан әкімдігімен әкіммен және оның орынбасарларымен жүктелген заңнамаларға қайшы келмейтін басқа да функцияларды орындау.

19. Айыртау ауданы әкімдігінің «Айыртау-Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының функциялары:

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, қуат, су және жылумен жабдықтау, магистральді көлік, байланыс, коммуникация облысындағы шаруашылық жұмыстарын жүзеге асыру.

Айыртау ауданы әкімдігінің «Айыртау-Қамқор» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының функция-

лары:

мемлекеттік жолдарды ұстау.

20. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құқықтары мен міндеттері:

1) аудан әкімдігі, аудан әкімі және жоғары сатыдағы ұйымдардың қарауына тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары саласындағы дамудың негізгі бағыттары, мәселелерді жедел шешу жөніндегі ұсыныстарды енгізу;

2) заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік органдарына, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына және өзге де ұйымдарына қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды сұрау және алу;

3) мемлекеттік қызметтер стандарттары мен регламенттеріне сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету;

4) «Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметіне кіретін мәселелері бойынша мәжілістерді өткізу;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

«Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі өкілеттіліктерін орындау үшін ауданның өзге де атқарушы органдарымен және қарамағындағы ұйымдарымен өзара әрекеттеседі.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

21. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшылықты «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау басшылықты ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшылықты «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау басшылықты ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.

22. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы уәкілетті:

23. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы уәкілетті:

1) «Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы Ережесін аудан әкімдігінің бекітуіне ұсынады;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес «Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) сыйбалас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу шараларын қолданады және жауапты;

4) қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

5) барлық мемлекеттік органдарда және меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдарда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес «Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мүддесін білдіреді;

6) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүзеге асырады;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес, қызметкерлерін марапаттайды, материалдық көмек көрсетеді және тәртіптік жаза қолданады.

8) өз қызметі шегінде шарттар, келісімдерді жасайды;

9) «Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі барлық қызметкерлерімен орындалуы міндетті өз қызметіне кіретін мәселелері бойынша бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

10) заңнамамен, осы Ережемен және өкілетті органның берілген функцияларды жүзеге асырады.

«Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіліктерін қолданыстағы

заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Мемлекеттік органның мүлгі
24. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бекітілген мүлікке заңнамалармен қарастырылған оперативті басқару құқығы бар.

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мүлгі оған берілген меншік иесі есебіне, сонымен бірге (ақшалай кірісті қоса есептегенде) жеке қызметінің қорытындысы бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамаларына қарсы келмейтін басқа көздер арқылы құрастырылады.

25. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

26. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша берілген мүлікті дербес бөлшектеуге немесе басқа тәсілмен егер ол заңнамалармен қойылмаса оған билік етуге құқығы жоқ.

5. Заңды тұлға мен құрылтайшы арасындағы қарым-қатынас

27. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.

28. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысының және еңбек жұмысындағы қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес жүргізіледі.

29. Азаматтардың «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасу құқығы заңнамаларда орнатылған тәртіптегі біліктілік талаптарға сәйкес жүргізіледі.

30. Қолданыстағы заңнамаларға сәйкес жұмысқа қабылдау барысында тараптардың құқығы мен міндеттері, жұмысшының еңбек ақысы туралы жазбаша келісім-шарт жасалады.

31. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі жұмысшыларының еңбекақылары мен лауазымдық окладтары мемлекеттік қызметтегі жұмыс өтілі есептеу және квалификациялық біліктілігі мен функционалдық міндеттеріне сәйкес орнатады.

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі жұмысшыларының еңбекақылары мен лауазымдық окладтары мемлекеттік қызметтегі жұмыс өтілі есептеу және квалификациялық біліктілігі мен функционалдық міндеттеріне сәйкес орнатады.

6. Мемлекеттік органды қайта құру және жою

32. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесін қайта құру және жою Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Ережеге өзгерістер мен қосымшалар енгізу қолданыстағы заңнамаларға сәйкес жүргізіледі.

7. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі құзырындағы ұйымдардың тізбесі

Айыртау ауданы әкімдігінің «Айыртау-Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны: Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылы, ЖДС көшесі 26.

Айыртау ауданы әкімдігінің «Айыртау-Қамқор» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны: Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылы, ЖДС көшесі 26.

Қазақ хандығына – 550 жыл

Орбұлақ шайқасының құпиясы



800 қазақ сарбазы 50 мың жоңғарды қалай жеңген? Орбұлақ шайқасы – қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық соғысындағы алғашқы бетбұрысты оқиға. Бұл соғыс 1643 жылдың жазында қазақ қолын басқарған Жәңгір сұлтан мен жоңғар қолын басқарған Батыр қонтайшы арасында өтеді. Жәңгір жоңғарлардың жолын кесу үшін біртүрлі мылтықпен қаруланған 600 сарбазбен қарсы аттанады. Әлемдік соғыс өнерінің жылнамасына енгізе лайық Орбұлақ шайқасында осы 600 қазақ сарбазы 50 мың жоңғар қолын тас-талқан етіп жеңеді. 600 адамның 50 мың адамды жеңуі бізге аңыз секілді көрінгенмен, шындық солай. Отандық тарихнаманың осы айтулы оқиғасы қалай болды? Жеңіске жету үшін Жәңгір хан қандай қосымша тактика қолданды? Осы жайды зерттеп жүрген тарих танымгері, өлкетанушы, шежіреші Асан Оразханұлы Тұрабаевтың тарихи деректерін оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдік.

Байырғы дұшпан Хото Батор Хонтайы бастаған ойрат-қалмақ елу мың қолмен қазақ елін жаулап алуға аттанғаны жөнінде Салқам Жәңгір өз шолушыларынан мәлімет алады. Орбұлақтағы ойрат пен қазақтың тектілері Қарахан патшаның тұсында «Арамызды шаһар байласың, шаһар байламаса, заһар шайнасың» деп анттасқан көрінеді. Маруан-Аһра би «Орбұлақ тектілердің ат-тізінін тартып тоқтаған тәтті жері еді. Ойраттар анттан аттады. Орбұлақтың бойында ұлы жебемен қарсы алыңдар. Бұл жерге қылыш көтеріп келгендер өз қанына өзі тұншығады. Ойраттар елу мың болса да 800 сарбазың жетеді. Қостық бастаған қолың, Сүлеймен бастаған сексен мергенің бар, қия тұмсықты біз барғанша төтеп беріңдер» деп Салқам Жәңгірге хабар жібереді. Жәңгір бастаған қазақ қолы Орбұлақтың қия беткейіндегі 800 қойтасты паналап оң қазып алып, жауын ұлы жебемен қарсы алады. Сонымен қатар Сасықтекеңің түтінін де пайдаланады. Ұлы жебе адамға жанап кетсе болды, безекте тигендей мәңгілікке сұлап түседі екен. Ал Сасықтеке деген гүл таутекелер күллеген кезде іскейітін және сол уақытта гүлдейтін болса керек. Соны суға қайнатып, оған шүберек малып көптіреді де, жағып жіберсе түтіні жан-жануарды

уландырып тастайды. Салқам Жәңгір әскерінің бас қолбасшысы Қостықты батыр 800 сарбазын із суытар жерге тастап, ойраттардың алдынан өзі шығады. Оларды алдаусыратыады да «Сасықтеке» түтініне ұрындырады. Қазақ қолының аз екенін білетін жау жапырып тастамақ болып лап бергенде ұлы түтінге, онан соң ұлы жебеге ұрынады. Міне, осындай амал-айла арқасында қалмақ қолы ойсырай бастайды. Аузы-басын тұмшалап, ешкінің майымен майлап алған қазақ жауынгерлеріне ұлы түтін әсер ете



қоймайды. Уланғандары қымыз бен меңдуананы араластырып ішіп, құсады да тазарып аман қалады. Ал аттары уланса тұмсығына құйрық маймен ұрып тазартады. Алғашқыда не болғанын түсінбей қалған ойраттар мәнісін кейіннен біледі. Он мыңдай жасағынан айырылған олар кейін шегініп ақылдаса бастайды. Осы кезде жиырма мың қолымен Жалаңтөс Баһадүрдің қолы тықсыра бастайды, сол кезде қырық мың қолымен Алатау батыр, ішінде азғана қырғыз жасағы бар, сегіз мың қолымен Арқадан Малдас би жетеді. Алатау батырдың сол кездегі жетпіс жетіден асып шау тартып қалған шағы екен. Ақыл-кеңес беріп, бастап келген жасағы соғысқа араласпады. Осы соғыс ұмытылмас ерлік ретінде тарихқа жазылды. Жалаңтөс Баһадүр, Жиенбет жырау, Қарасай батыр, Көкі батыр, Жақсығұл батыр, Сүлеймен мерген, Жаманбай батыр, Шілмекенұлы Қостықты батырлар өшпестей із қалдырды. Салқам Жәңгір ұрыстан соң қалмақтың жас батырымен жекпе-жекке шығып қаза тапты. Ұлы түтінге ұрындыру «Сасықтеке» түтінін пайдаланатын ұсталарды «Сүлік» деп атаған мұндай ұсталарды өте құпиялап ұстаған. Қазақ даласындағы үлкен соғыстар кезінде түтінге ұрындыру тәсілі көп пайдаланылған «Ұйқымалым сірне» әдісіне салып, жаудың басын айналдырып ұйықтату, түтіндетіп, иіспен улау дұшпан жаққа өте көп шығын

әкелген. Ұлы өсімдіктердің ісін жұтқан кезде, жан-жануарлар да, адамдар да басы айналып, не болып, не істеп жатқанын байқай алмай, мәңгүрттеніп, ұйқы басып жатып қалатын болған. Кейбір шөптердің түтіні өлтіріп те жібереді. Қазақ жасағы жаудың жолын торып, жолына шөмеле шөп үйіп, ор қазып, оған ұлы шөптерді араластырып, лапылдап жанбауын қадағалаған. Яғни сулы күйінде бықсыған түтінге ұрындыру мақсаты болған. Ұзаққа ататын нарасадақпен садақшы мергендерді дайындап, садақ оғы

ластырып, көктей кейбіреуін көптіріп, кейбір шөптердің күлін алып, қайнатып, қатты жараланған жауынгерге, сарбаздарға ота жасалғанда, сол шөптер арқылы ұйықтатып, емдеп отырған Етборсық емші «Етборсық» емшілер, сынған сүйекті, ішкі ағзаларды тазалап жуып әрі кесіп, далалық госпитальдарда қос тігіп, жаңағы шөптер арқылы адамды бірнеше тәулікке шейін ұйықтатып, жағдайы өте ауыр сарбаздарды аман алып қалып отырған Үлкен қос тігіліп, жараланған жауынгерлер сақайып жазылғанша

күш қуатын, денсаулығын арттырып, қатарға қосып отырды. Бұл шараптарды Алтайдаң Тараздаң Отырардаң Тәшкен шаһарларынан тапсырыспен алдырып, өртүрлі шөптерді және жеміс ағаштарын ашытып, соғыс жағдайында сарбаздар мен сардарларды емдеп, өлім-жітімнің мүгедек болып қалудан сақтап, қатарға қосып отырған. Бармақ ұста Қазақ «Бармақ» ұсталары Ұлытауда, Қаратауда, Алтайда және үлкен қалаларда, Түркістан айналасында, Текелі деген қалаларда шойын балқытып, ұңғы мылтықтар, біртүрлі мылтықтар соғып, кей жағдайда қолға түскен қаруларға қарап, «От-ұшпа» зеңбіректер соққан. Ата-бабамыздан келе жатқан өз қаруларымыз: наркескен, алдаспан, найза-қылыштар өз алдына. Ұлытауда ұстаханаларды «Отжағар, Боқжағар» деп атаған. Шойын темір балқытқан жерлерді «Отжағарда» қызыл жалынға қыздырып, шыңдап, жүйрік атпен шауып, суға салмай желге суытқан. Ал «Боқжағар» дегені, аттардың тезегін үлкен ыдысқа салып ашытып, қаруларды соған суытқан. Өйткені осындай әдіспен соғылған қарулардың жүзі ешқашан мұқалмаған, морт сынбаған. Полат, була, дула, шойын, зұлмарт темірлерді өте берік қылып шыңдап, ешекейлеп отырған. Мұндай қарулар өте үлкен сұранысқа ие болып, ұсталардың даңқын шығарған. Сүлік ұста Егер де жеке тұлғаларды улауға қатысы болған жағдайда «Сүлік ұсталардың» басы бірден шабылған. «Сүлік ұсталар» өз құпиясын, ұлы шөптердің өте зиянды түрлерінің сырын кез келген адамға ашпаған. Емшіліктің сырын ілімсіз таратуға тыйым салған. «Сүлік ұсталар» белек жасақ ұстап, жауға шабарда садақ пен найзаның ұштарын уға малған. Бұларды ерекше мерген, найзагер, қылышкер сарбаздарға бөліп беріп, бұл қарулардан ұланып қалмауын қадағалап отырған. Жауға шапқанда, ұлы шөптердің түтінін пайдаланғанда, жел қай жақтан соғатынын есептеп, ешкі майы батырылған маталармен тұмшаланып отырған (ешкі майы ұды өткізбейді, тоңып қалады). Қазақ хандары мен билері осындай киелі, адам жанына араша түсетін Етборсық емшілерді, Сүлік ұсталарды, Жер-көсе билерді, ауа райын болжайтын жұлдызгер алымдарды, есепші кісілерді қадірлеп және жұрттан құпиялап ұстаған. Қазақ даласындағы соғыс жағдайында, ел басына күн туғанда осындай шөппен улау және ұйықтатып бас айналдыру, «ұйқымалым сірне» әдісімен түтіндету амалдары тектілер пәрменімен, билер шешімімен қатаң ұстаылауда болып, хан жарлығымен істелінген. Қазақ жасақтары Жоңғар шапқыншылығында азғана қолмен бірнеше рет осындай әдістермен жауын күйрете жеңіп отырған. «Орбұлақ шайқасында» сегіз жүз қазақ сарбазынан Хото Батор Хонтайының елу мың қолының он мыңының қырылуы Батыс және орыс тарихшылары арасында таңғаларлық оқиға болып, олар үшін де, басқалар үшін де жұмбақ күйінде қалуда.

Сайын (Бату) хан билеген Жошы ұлысы

Шыңғысханның немересі, Жошының сүйікті ұлы Сайын әкесі өлген соң ресми түрде таққа отырды. Оның шын аты моңғолша Баты екендігін моңғол тарихының білгірі Зардыхан Қинаятұлы атап көрсетеді. Тегінде, Сайын атауы оған жеке басының адами қасиеттеріне байланысты кейінірек, Қыпшақ даласында таңылған Тарихымызда Сайын ханның Жошы ұлысы тағына отыруы турасында бірнеше дерек бар. Әтемис қажының «Чингизнаме» дерегінде аяқастынан қайтыс болған, соңына өсиет қалдырып үлгермеген Жошыдан қалған тақты бәйбішеден туған екі ұл Ежен мен Бату біріне-бірі ұсынып, мәмілеге келе алмай, інілерін өртіп, Моңғолиядағы Шыңғысханға барады. Ол болса Сайынға алтын босағалы жібек Ақ орда тіккізіп, құрметтеп, әкесінің орнына таққа отырғызады. Ал Әбілғазыда мәселе басқашалау көрсетілді: Жошы қазынасы байланысты қайғылы күндер аяқталған соң Шыңғысхан Ұтшықынды Қыпшақ даласына жіберіп, Батуды әкесінің орнына таққа отырғызады. Екі деректің де тарих үшін құндылығын ескерер болсақ, бұл айтылғандарды бір оқиғаның екі кезеңі ретінде қарастырған жөн тәрізді. Әрине, Сайын (Бату) таққа ресми отырғанға дейін қабылданған дәстүр бойынша Жошы ұлысында үлкен ұл Ежен билеуші болып есептелді. Қалай десек те, ұлы атасының өзінің құзырымен Сайын Қыпшақ даласының дара билеушісі болды. Алайда Сайын таққа отырғанын тойлап жатқанда Шыңғысханның қайтыс болғаны туралы қайғылы хабар келді. Сайын хан енді ор-

нына інісі Тоқай Темірді қалдырып, бес інісін өртіп, Ұтшықынмен бірге мемлекет астанасы Қарақорымға келді және осында, 1229 жылы шақырылған құрылтайда Үгедейді Шыңғыстың орнына таққа отырғызу рәсіміне қатысты. Үгедей оны бұрынғысынша қыпшақ даласының билеушісі ретінде билікке қалдырды.

1236 жылы болған келесі жалпымоңғолдық құрылтай Батыс аймақтарға жорықты жалғастыру туралы шешім қабылдады. Жорықты басқару Сайын ханға тапсырылды және оған Шағатайдың, Үгедейдің, Төлөнің үлкен ұлдары басқарған әскери жасақтар қатысты. 1237 жылдың күзінде моңғолдар мұз басқан Еділден өтіп, 1240 жылға дейін орыс кнәздіктерінің жерлерін талалай етіп тонады. Бұл бағыттағы алғашқы жау Еділ бұлғарлары болды.

Әрине, Сайын басқарған қалың қолды құраған Шағатайдың, Үгедейдің, Төлөнің ұлдары өз аймақтарындағы тұңғыс-манчжур және моңғолтілдес тайпалардан да жасақ жинады. Олардың біразы моңғол жаулаушының алғашқы кезеңінде-ақ Хорезм жерін және Қыпшақ даласын қонысқа айналып үлгергендер болатын. Атап айтар болсақ, бұлар Минг, Сарай, Юз, Маңғыт, Қият, Муи-таң, Бахрин, Оймауыт, Митаң, Татар, Қалмақ, Тубай, Курлаут тәрізді тайпалар еді. Әртүрлі тілде сөйлейтін басқыншылардың осынау қалың қолы Татарлар (Тартарлар) деген ортақ атауға ие болды. Бұл атауды Еуропаға алып барған Қыпшақ

даласындағы түркітілдестер еді. Моңғолдардың бұрынғы бабалары Шибей (Шығай) татарлары болып табылатынын олардың батыстағы түркітілдес көршілері жақсы білетін. Оның үстіне Моңғолия үстіртіндегі тайпалық бірлестіктердің Жабайы татарлар, Қара татарлар, оңтүстіктегілердің Ақ татарлар ретінде белгілі болғаны бар. Осы далада Отыз татарлар, Тоғыз татарлар деп әртүрлі сандық көрсетішпен аталғандар тағы бар. Бұл бірлестіктерге кіргендердің біразы түркітілдестер болса да, татар атынып кетті.

1237 жылы Сайын басқарған қалың қол Қара теңіз, Дон аймағындағы жерлерді басып алды да, Дунай бойына шықты. Мұнда ол ешқандай елеулі қарсылыққа кездесе қойған жоқ. Тарихта моңғолдарға қарсы Киев Русі деген мемлекеттің оларға тойтарыс бергені туралы қисынсыз әңгіме кеңестік кезеңдегі тарих оқулықтарын жайлап алған болатын. Басып алған жер кеңейген сайын оны басқару ісі үлкен, түйіні шешілмес мәселеге айнала бастады. Мұның өзі Үгедейдің мансапқұмар ұлы Күйік пен Шағатайдың немересі Бөрінің дара басшы Сайын ханға қарсылықтарын қушығайтты. Жағдай 1241 жылдың соңында ұлы хан Үгедейдің қайтыс болуына байланысты тіптен шиеленісе түсті. Сайын ханның Үгедей және Шағатай ұрпақтарымен текетірістері әкесінің орнына Күйік ұлы хан болып таққа отырған тұста өбден асқынды. Деректерге назар аударсақ, Күйіктің тіптен Сайын хан басқаратын Қыпшақ даласына арнайы жорық жасауға

әрекеттенгенін де байқаймыз. Алайда бұл ахуал ұзаққа созыла қойған жоқ. 1248 жылы ол қайтыс болған соң жағдай өзгерді. Енді Сайынның тікелей қолдауымен таққа отырған Тулудің ұлы Мөңке таққа таласушылардың көздерін жойды. Осылайша Шыңғыс хан империясында шын мәнінде екі адамның ғана, Ұлы хан Мөңгі және оның сенімді қолдаушысы, Шыңғысұрпақтарының ең үлкені болып табылатын Сайын ханның мерейі үстемдік алды. Сайын хан билеген бұрынғы Жошы ұлысын еуропалықтар Алтын Орда деп атады. Бұл, тегінде, Сайын ханның Еділге құятын Ахтуба бойында тұрғызылған, мұнаралары алтынмен апталған ордасына байланысты шыққан атау болса керек. Бытыраңқы, бірін-бірі мойындамайтын майда орыс кнәздіктерінің бастарын Сайын хан тоғыстырды. Осыған байланысты татардың белгілі зерттеушісі Р.Фахредин былай деп жазған еді: «На самом же деле деяния Бату хана принесли русским много пользы, из-за них они перестали враждовать между собой. Они осознали, что причина междоусобиц была не в избыточности князей, а в их глупости. Осознав это, они стали собираться вместе. От монголов русские переняли приемы управления войсками, искусство ведения войны, научились также управлять государством. Приезжая каганов и ханов, русские князья узнавали много нового, в том числе и новые законы, и набирались опыта. Словом, такое общение было для

них настоящей школой, которая научила их порядкам организации общественной жизни. В сущности, именно уроки Чингис хана и Бату хана, а также огромное влияние Золотой Орды и превратили Русь в ту Россию, которой она позже стала. Поэтому русские должны не проклинать монголов, а благодарить их за науку». Шындығында да, орыс халқының топтастыруда, олардың бір орталыққа бірігетін мемлекетін қалыптастыруда Сайын хан негіздеген Алтын орданың рөлі зор. Сайын хан 1238 жылдың ақпанына дейін бұрын біріне-бірі бағынбайтын 14 орыс қалаларын (ішінде Мәскеу де бар) басып алғаннан кейін орыс кнәздері оны еріксіз мойындады. Алғаш 1243 жылы Ярославль кнәзі келіп бас иді. 1247 жылы Новгородтың атақты кнәзі Александр Невский өзінің бауырымен және көптеген боярларымен бірге Алтын Ордаға келіп, бас иді. Орыс кнәздері 1249 жылдан бастап, Сайынға адалдықтарын білдіріп, оның ұлы Сартаққа жаппай ант беруге көшті. Бір сөзбен айтқанда, Алтын Орданың қоластына түскен халықтардың этносаяси өмірінде айтарлықтай өзгерістер орын ала бастады. Байыры түркітілдес Еділ бойының бұлғарлары енді «татар» атанып кетті, Қыпшақ даласында жаңа тайпалық бірлестіктер құрыла бастады. Бұл этникалық өзгерістер болашақ Ноғай, Қазақ, Әзбек, Башқұрт, Қарақалпақ тәрізді көптеген түркітілдес халықтардың қалыптасу үдерістерін жеделдетте түсті.

Талас ОМАРБЕКОВ,
тарих ғылымдарының докторы,
профессор.

МЕЛБАҒДАРЛАМА

ДҮЙСЕНБІ, 12 ҚАЗАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН». 9:45 «Апта.kz»
10:50 «Сырғалым». Тх. 11:45 «Серпіліс»
12:35 «Баламен бетпе-бет» 13:00 «БІРГЕ
ТАҢДАЙМЫЗ!». 14:10 «Ақсауыт» 14:45
«Ғажайыптанға саяхат» 15:00 «ӘЙЕЛ
БАҚЫТЫ!». 16:10 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМА-
НАТ». Тх. 17:00 «Менің Қазақстаным!». 17:30 KAZNEWS 17:50 «Білгіштер». Мх. 18:05 «ҚЫЗЫЛ САРАЙДАҒЫ ТҮС». Тх. 19:05 «ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА» 19:30 KAZNEWS 20:15 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:00 «БІЗДІҢ АҒАЙ». Тх. 22:00 «КЕЛІН». Тх. 23:00 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 23:35 «КӨҢІЛАШАР» ӘЗІЛ-СЫҚАҚ БАҒДАРЛАМАСЫ 0:10 БОКС. ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ. ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛДАР. 2:40 «SPORT.KZ» 3:00 KAZNEWS 3:45 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 4:15 «Тарих толқынында» 4:40 «Көк тарландары».

ХАБАР

07:02 «Білгенге маржан» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 «Жеті күн» 11:00 «Әр үйдің сыры басқа» Дд 11:45 «Магия кұхни» 12:20 «Подари детям жизнь» 12:25 Мс. «Маши и медведь» 12:35 Мс. «Путешествия Жюль Верна» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:10 Дд. «Семейные мелодрамы» 14:05 Тс. «Женский доктор»-2 15:00 Новости 15:15 «Буйымтай» 16:00 «Өмір сабақтары» Дд 16:30 Тх . «Кеңесшілер» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 Тх . «Болашағым өз қолымда» 18:00 Новости 18:15 Тх. «Пөләншеевтер» 19:00 «ТВ Бинго» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Арнайы хабар» 21:00 Итоги дня 21:30 Тс. «Махаббатым жүрегімде»-2 22:10 Тс. «След» 23:00 «Көзқарас» 23:30 «Жекпе-жек» 00:15 Қорытынды жаңалықтар 00:45 Итоги дня 01:15 «Әр үйдің сыры басқа» Дд 01:50 «Буйымтай» 02:35 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ЖИТЪ ЗДОРОВО» 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «ПЯТНИЦКИЙ 2». Детектив 12:10 «СҮЙГЕН ЖАР». 13:05 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» 14:15 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР». 15:20 «Х ФАСТОР». 15:30 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:30 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:40 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 Кино «КРАСИВАЯ ЖИЗНЬ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:40 «СҮЙГЕН ЖАР». 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР». 23:25 «П@УТИНА» 23:50 «Х ФАСТОР». 0:00 Кино «ГЮЛЬЧАТАЙ 2. РАДИ ЛЮБВИ» 2:15 «П@УТИНА» 2:35 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» 3:30 «Контрольная закупка»

РОССИЯ 1

05.00, 09.15 «Утро России» 09.00, 11.00, 14.00, 17.00, 17.50, 20.00 Вести 09.55 «О самом главном» 11.35, 14.30, 17.30, 19.35 Местное время. Вести - Москва 11.55 Т/с «Тайны следствия» 14.50 Вести. Дежурная часть 15.00 Т/с «Склифосовский» 18.15 «Прямой эфир» 20.50 «Спокойной ночи, малыши!» 21.00 Т/с «Рожденная звездой» 23.50 «Честный детектив» 00.50 «Поединок в Лефортово. Шах и мат Бурбону». «Следственный эксперимент. Баллада о пуле» 02.35 Т/с «Чокнутая» 04.20 «Комната смеха»

СЕЙСЕНБІ, 13 ҚАЗАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН». 10:00 «Біздің ағай». Тх. 10:50 «Сырғалым». Тх. 11:45 «Айтуға оңай...» 12:30 «Көңілашар» 13:00 «БІРГЕ ТАҢДАЙМЫЗ!». 14:10 «Жүзден жүйрік» 14:35 Құтқарушы күшіктер». Мх. 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ!». 16:10 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ». Тх. 17:05 «Жарқын бейне» 17:30 KAZNEWS 17:50 «Білгіштер». Мх. 18:05 «ҚЫЗЫЛ САРАЙДАҒЫ ТҮС». Тх. 19:05 «ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА» 19:30 KAZNEWS 20:15 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:00 «БІЗДІҢ АҒАЙ». Тх. 22:00 «КЕЛІН». Тх. 23:00 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 23:35 «КӨҢІЛАШАР» ӘЗІЛ-СЫҚАҚ БАҒДАРЛАМАСЫ 0:10 БОКС. «Журналистік зерттеу» 0:30 ФУТБОЛ. ЕВРО-2016. ІРІКТЕУ ТУРНИРІ. ЛАТВИЯ - ҚАЗАҚСТАН. 2:35 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:05 KAZNEWS 3:55 «Көк тарландары». 4:40 «Серпіліс»

ХАБАР

07:02 «Білгенге маржан» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Тс. «След» 10:50 «Экономиклас» 11:00 Новости 11:10 «Әр үйдің сыры басқа» Дд 11:45 «Магия кұхни» 12:15 «Подари детям жизнь» 12:20 Тс. «Махаббатым жүрегімде»-2 13:00 Түскі жаңалықтар 13:10 Дд. «Семейные мелодрамы» 14:00 Тс. «Женский доктор»-2 15:00 Новости 15:15 «Буйымтай» 16:00 «Өмір сабақтары» Дд 16:30 Тх . «Кеңесшілер» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 Тх . «Болашағым өз қолымда» 18:00 Новости 18:15 Тх . «Пөләншеевтер» 19:05 «Біздің үй» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Бюро расследований» 21:00 Итоги дня 21:30 Тс. «Махаббатым жүрегімде»-2 22:10 Тс. «След» 23:00 «Көзқарас» 23:30 «Арнайы хабар» 00:00 Қорытынды жаңалықтар 00:30 Итоги дня 01:00 «Әр үйдің сыры басқа» Дд 01:35 «Буйымтай» 02:20 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ЖИТЪ ЗДОРОВО» 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «ПЯТНИЦКИЙ 2». Заключительная серия 12:10 «СҮЙГЕН ЖАР». 13:05 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:15 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР». 15:20 «Х ФАСТОР». 15:30 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:30 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:40 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 Кино «КРАСИВАЯ ЖИЗНЬ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:40 «СҮЙГЕН ЖАР». 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР». 23:25 «П@УТИНА» 23:50 «Х ФАСТОР». 0:00 Кино «ГЮЛЬЧАТАЙ 2. РАДИ ЛЮБВИ» 2:15 «П@УТИНА» 2:35 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» 3:30 «Контрольная закупка»

РОССИЯ 1

05.00, 09.15 «Утро России» 09.00, 11.00, 14.00, 17.00, 17.50, 20.00 Вести 09.55 «О самом главном» 11.35, 14.30,

17.30, 19.35 Местное время. Вести - Москва 11.55 Т/с «Тайны следствия» 14.50, 04.45 Вести. Дежурная часть 15.00 Т/с «Склифосовский» 18.15 «Прямой эфир» 20.50 «Спокойной ночи, малыши!» 21.00 Т/с «Рожденная звездой» 23.50 Вести.doc 01.05 «Боль. Жестокая радость бытия». «За гранью. Перекроить планету» 02.40 Т/с «Чокнутая» 03.40 «Комната смеха»

СӨРСЕНБІ, 14 ҚАЗАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН». 10:00 «Біздің ағай». Тх. 10:50 «Сырғалым». Тх. 11:45 «Айтуға оңай...» 12:30 «Көңілашар» Әзіл-сықақ бағдарламасы 13:00 «БІРГЕ ТАҢДАЙМЫЗ!». 14:10 «Жүзден жүйрік» 14:35 Құтқарушы күшіктер». Мх. 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ!». 16:10 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ». Тх. 17:05 «Sport.kz» 17:30 KAZNEWS 17:50 «Білгіштер». Мх. 18:05 «ҚЫЗЫЛ САРАЙДАҒЫ ТҮС». Тх. 19:05 «ЖУРНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУ» 19:30 KAZNEWS 20:15 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:00 «БІЗДІҢ АҒАЙ». Тх. 22:00 «КЕЛІН». Тх. 23:00 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 23:35 «КӨҢІЛАШАР» ӘЗІЛ-СЫҚАҚ БАҒДАРЛАМАСЫ 0:10 БОКС. ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ. ФИНАЛДАР. 2:05 «Журналистік зерттеу» 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 KAZNEWS 3:45 «Көк тарландары». 4:35 «Поэзия өлемі» 5:05 «Қылмыс пен жаз»

ХАБАР

07:02 «Білгенге маржан» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Тс. «След» 11:00 Новости 11:10 «Әр үйдің сыры басқа» Дд 11:45 «Магия кұхни» 12:15 «Подари детям жизнь» 12:20 Тс. «Махаббатым жүрегімде»-2 13:00 Түскі жаңалықтар 13:10 Дд. «Семейные мелодрамы» 14:00 Тс. «Женский доктор»-2 15:00 Новости 15:15 «Біздің үй» 16:00 «Өмір сабақтары» Дд 16:30 Тх . «Кеңесшілер» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 Тх . «Болашағым өз қолымда» 18:00 Новости 18:15 Тх. «Пөләншеевтер» 19:05 «Біздің үй» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «100 бизнес-тарихы» 21:00 Итоги дня 21:30 Тс. «Махаббатым жүрегімде»-2 22:10 Тс. «След» 23:00 «Көзқарас» 23:30 «Бюро расследований» 00:00 Қорытынды жаңалықтар 00:30 Итоги дня 01:00 «Әр үйдің сыры басқа» Дд 01:35 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ЖИТЪ ЗДОРОВО» 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «ПЯТНИЦКИЙ. ГЛАВА ТРЕТЬЯ». Детектив 12:10 «СҮЙГЕН ЖАР». 13:05 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:15 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР». 15:20 «Х ФАСТОР». 15:30 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:30 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:40 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 Кино «КРАСИВАЯ ЖИЗНЬ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:40 «СҮЙГЕН ЖАР». 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР». 23:25 «П@УТИНА» 23:50 «Х ФАСТОР». 0:00 Кино «ГЮЛЬЧАТАЙ 2. РАДИ ЛЮБВИ» 2:15 «П@УТИНА» 2:35 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» 3:30 «Контрольная закупка»

РОССИЯ 1

05.00, 09.15 «Утро России» 09.00, 11.00, 14.00, 17.00, 17.50, 20.00 Вести 09.55 «О самом главном» 11.35, 14.30, 17.30, 19.35 Местное время. Вести - Москва 11.55 Т/с «Тайны следствия» 14.50, 04.45 Вести. Дежурная часть 15.00 Т/с «Склифосовский» 18.15 «Прямой эфир» 20.50 «Спокойной ночи, малыши!» 21.00 Т/с «Рожденная звездой» 22.55 «Специальный корреспондент» 00.35 «Похищение Европы». «Страшный суд» 02.45 Т/с «Человек-приманка» 03.45 «Комната смеха»

БЕЙСЕНБІ, 15 ҚАЗАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН». 10:00 «Біздің ағай». Тх. 10:50 «Сырғалым». Тх. 11:45 «Айтуға оңай...» 12:30 «Көңілашар» 13:00 «БІРГЕ ТАҢДАЙМЫЗ!». 14:10 «Жүзден жүйрік» 14:35 Құтқарушы күшіктер». Мх. 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ!». 16:10 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ». Тх. 17:05 «Қазақ даласының құпиялары». Дд 17:30 KAZNEWS 17:50 «Білгіштер». Мх. 18:05 «ҚЫЗЫЛ САРАЙДАҒЫ ТҮС». Тх. 19:05 «ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ: ҰЛТТЫҚ ӨНДІРІС» 19:30 KAZNEWS 20:15 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:00 «БІЗДІҢ АҒАЙ». Тх. 22:00 «КЕЛІН». Тх. 23:00 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 23:35 «КӨҢІЛАШАР» ӘЗІЛ-СЫҚАҚ БАҒДАРЛАМАСЫ 0:10 БОКС. ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ. ФИНАЛДАР. 2:20 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 KAZNEWS 3:45 «Көк тарландары». 4:35 «Агробизнес». 5:00 «Индустрияландыру: Ұлттық өндіріс»

ХАБАР

07:02 «Білгенге маржан» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Тс. «След» 11:00 Новости 11:10 «Әр үйдің сыры басқа» Дд 11:45 «Магия кұхни» 12:15 «Подари детям жизнь» 12:20 Тс. «Махаббатым жүрегімде»-2 13:00 Түскі жаңалықтар 13:10 Дд. «Семейные мелодрамы» 14:00 Тс. «Женский доктор»-2 15:00 Новости 15:15 «Буйымтай» 16:00 «Өмір сабақтары» Дд 16:30 Тх . «Кеңесшілер» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 Тх . «Болашағым өз қолымда» 18:00 Новости 18:15 Тх . «Пөләншеевтер» 19:05 «Жекпе-жек» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Сильные духом» 21:00 Итоги дня 21:30 Тс. «Махаббатым жүрегімде»-2 22:10 Тс. «След» 23:00 «Көзқарас» 23:30 «100 бизнес-тарихы» 00:00 Қорытынды жаңалықтар 00:30 Итоги дня 01:00 «Әр үйдің сыры басқа» Дд 01:35 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ЖИТЪ ЗДОРОВО» 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «ПЯТНИЦКИЙ. ГЛАВА ТРЕТЬЯ». Детектив 12:10 «СҮЙГЕН ЖАР». 13:05 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:15 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР». 15:20 «Х ФАСТОР». 15:30 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:30 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:40 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 Кино «КРАСИВАЯ ЖИЗНЬ» 20:00

«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:40 «СҮЙГЕН ЖАР». 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР». 23:25 «П@УТИНА» 23:50 «Х ФАСТОР». 0:00 «ГЮЛЬЧАТАЙ 2. РАДИ ЛЮБВИ». Заключительные серии 2:15 «П@УТИНА» 2:35 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» 3:30 «Контрольная закупка»

РОССИЯ 1

05.00, 09.15 «Утро России» 09.00, 11.00, 14.00, 17.00, 17.50, 20.00 Вести 09.55 «О самом главном» 11.35, 14.30, 17.30, 19.35 Местное время. Вести - Москва 11.55 Т/с «Тайны следствия» 14.50 Вести. Дежурная часть 15.00 Т/с «Склифосовский» 18.15 «Прямой эфир» 20.50 «Спокойной ночи, малыши!» 21.00 Т/с «Рожденная звездой» 22.55 «Поединок» 00.35 «Маршал Язов. По своим не стреляю» 02.30 Т/с «Человек-приманка» 03.30 «Шифры нашего тела. Смех и слезы» 04.25 «Комната смеха»

ЖҰМА, 16 ҚАЗАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН». 10:00 «Біздің ағай». Тх. 10:50 «Сырғалым». Тх. 11:45 «Айтуға оңай...» 12:30 «Көңілашар» 13:00 «БІРГЕ ТАҢДАЙМЫЗ!». 14:10 «Жүзден жүйрік» 14:35 Құтқарушы күшіктер». Мх. 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ!». 16:10 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ». Тх. 17:05 «ЖАН ЖЫЛҒЫ» 17:30 KAZNEWS 17:50 «Білгіштер». Мх. 18:05 «Журналистік зерттеу» 18:30 «ИМАН АЙНАСЫ» 18:55 «МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ!». 19:30 KAZNEWS 20:00 ПАРЛАМЕНТ 20:15 «СЕРПІЛІС» 21:05 «НАМЫС ДОДА». Халықаралық сайыс 22:15 «КЕЛІН». Тх. 23:15 «СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?» 23:50 «Жайдарман». 0:10 KAZNEWS 0:40 Парламент 0:55 Драма «Адамға илтифат» драмасында 2:15 «Сіз не дейсіз?» 2:40 «Иман айнасы» 3:00 KAZNEWS 3:30 Парламент 3:45 «Журналистік зерттеу» 4:05 «Жан жылыу» 4:25 «Асырлар үні» 5:00 «Жайдарман». Үздік әзілдер

ХАБАР

07:02 «Білгенге маржан» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Тс. «След» 11:00 Новости 11:10 «Әр үйдің сыры басқа» Дд 11:45 «Магия кұхни» 12:15 «Подари детям жизнь» 12:20 Тс. «Махаббатым жүрегімде»-2 13:00 Түскі жаңалықтар 13:10 Дд. «Семейные мелодрамы» 14:00 Тс. «Женский доктор»-2 15:00 Новости 15:15 «Буйымтай» 16:00 «Өмір сабақтары» Дд 16:30 «Ұлт саулығы» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Бармысың, бауырым?» 18:00 Новости 18:15 Тх . «Агент Z» 19:05 «Орталық Хабар» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Тур де Хабар» 21:00 Итоги дня 21:30 Тұсаукесер!!! «Жанды дауыс» 23:20 Тх . «Жаным» 00:35 Қорытынды жаңалықтар 01:05 Итоги дня 01:35 «Әр үйдің сыры басқа» Дд 02:05 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ЖИТЪ ЗДОРОВО» 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Премьера. «ПЯТНИЦКИЙ. ГЛАВА ТРЕТЬЯ». Детектив 12:10 «СҮЙГЕН ЖАР». 13:05 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:15 «ЖҰМА УАҒЫЗЫ» 14:30 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР». 15:35 «ЕРАЛАШ» 15:50 ЮБИЛЕЙНЫЙ КОНЦЕРТ ЛЬВА ЛЕЩЕНКО. Часть 2 17:25 «ЖДИ МЕНЯ». КАЗАХСТАН 18:40 «ПОЛЕ ЧУДЕС» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:40 «СҮЙГЕН ЖАР». 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР». 23:25 «П@УТИНА» 23:50 Кино «ПРО ЛЮБОВЬ» 3:05 «П@УТИНА» 3:25 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 4:10 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»

РОССИЯ 1

05.00, 09.15 «Утро России» 09.00, 11.00, 14.00, 17.00, 17.50, 20.00 Вести 09.55 «О самом главном» 11.35, 14.30, 17.30, 19.35 Местное время. Вести - Москва 11.55 Т/с «Тайны следствия» 14.50 Вести. Дежурная часть 15.00 Т/с «Склифосовский» 18.15 «Прямой эфир» 21.00 Т/с «Рожденная звездой» 22.55 Х/ф «Тариф «Счастливая семья» 00.50 Х/ф «Девять признаков измены» 02.50 «Горячая десятка» 03.55 «Комната смеха»

СЕНБІ, 17 ҚАЗАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 Концерт 8:00 «Қымызхана» 8:35 «АГРОБИЗНЕС» 9:00 «СЕНБІЛІК ТАҢ». 10:10 «ДАУА» 10:45 «АС БОЛСЫН!» 11:25 Мф 11:35 «БІЛГІРЛЕР БӘЙГЕСІ». 12:30 «ПОЭЗИЯ ӘЛЕМІ» 13:00 «Қазақстан дауысы» 14:35 «ЖАҢА ҚОНЫС». Тх. 15:45 Драма «Нысан» 17:50 «Қара шаңырақ». Тх. 19:30 KAZNEWS 20:05 «Үздік өндер» 21:00 «СЕНБІЛІК КЕЗДЕСУ» 22:40 «ЖАЙДАРМАН». Республикалық Премьер-Лига. 1/2 финал 0:30 KAZNEWS 1:05 Драма «Нысан» 3:00 KAZNEWS 3:35 «Еңбек түбі - береке» 3:40 «Дауа» 4:10 «Білгірлер бәйгесі». 5:00 «Поэзия өлемі»

ХАБАР

07:02 «Қалжың қоржыны» 08:30 Мс. «Фархат» 09:00 «Бармысың, бауырым?» 09:40 «Продвопрос» 10:05 «Ұлт саулығы» 10:35 Мультфильм. «Зима в Простоквашино» 10:50 М/ф. «Марко Макао» 12:05 Кино «Речной патруль» 13:30 «Орталық Хабар» 14:30 «Жанды дауыс» 16:15 «Тур де Хабар» 16:45 «Я - чемпион» 17:20 Сказка Братьев Гримм. «Госпожа Метелица» 18:30 «Ду-дунан» 19:45 «Бенефис-шоу» 21:00 «Жеті күн» 22:00 Мегатит. «Облачный атлас» 01:00 Тх . «Жаным» 02:40 «Әсем әуен»

ЕВРАЗИЯ

6:00 «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ 5» 7:50 «ТАҢҒЫ ПОШТА» 8:25 «П@УТИНА» 8:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 9:00 «СМАК» 9:40 Кино «ПРОСТИТЬ ЗА ВСЕ» 11:45 «ФАБРИКА ГРЕЗ» 12:10 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» 13:20 «101 КЕҢЕС» 13:45 «КАРАОКЕ ТАКСИ» 14:25 «П@УТИНА» 15:20 Кино «НЕНАВИЖУ И ЛЮБЛЮ» 20:00 «ПЕРВАЯ ПРОГРАММА» 20:30 «Х ФАСТОР». 22:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 23:30 «СЕНБІЛІК ЖАҢАЛЫҚТАР» 0:00 Кино «СОКРОВИЩА О.К.» 2:25 «КАРАОКЕ ТАКСИ» 3:05 «101 КЕҢЕС» 3:25 «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ 5»

Құттықтаймыз!

Ардақты да аяулы анамыз, мейірбанды әжеміз **Алғожина Зура Нұрахметқызы** 13 қазанда мүшел жас 73-ке келіп, отбасымыз шалқар қуанышқа бөленбекші.

Туған күн иесін мерейлі жасымен құттықтап, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, баянды бақыт тілейміз! Жаныңыз жабырқамай, көңіліңіз ортаймай, шырайлы жүзіңізден нұр төгіліп, ағайын-туғанның ортасында мерейіңіз үстем болып жүре беріңіз. Уайым-қайғы көрмей, тек өмірдің шаттық қуанышына бөленіңіз дей отыра, мына жыр жолдарын арнаймыз:

Ардақты жетпіс үш деген жасыңызда,

Жүріңіз аман-сау боп қасымызда!

Тоймаңыз балалардың қызығына,

Тілейміз бір бақытты басыңызға!

Ақ тілекпен: **балалары-келіндері, немерелері, шөберелері.**



«СҚО Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ азаматтардың жеке мәселелері бойынша 2015 жылдың IV тоқсанына арналған қабылдау кестесі

«СҚО Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ басшысы – **Қазбеков Ерлан Қабдуұлы**, әр бейсенбі сайын сағат 11.00 – 13.00 дейін, телефон: 21-3-62;

«СҚО Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ бас

Аптадағы ауа райы	Уақыт (жергілікті)	8/10 БС	9/10 ЖМ	10/10 СН	11/10 ЖК	12/10 ДС	13/10 СС	14/10 СР
Ауаның температурасы, С°	12 с. 0 с.	+15 +5	+5 +1	+6 0	+5 -1	+6 +1	-1 -3	+5 -3
Жауын - шашын (тәулік ішінде)								
Атмосфералық қысым мм сын. бағ.		727	730	738	739	735	736	740
Желдің бағыты		О-Б	О-Ш	О-Б	О-Б	О	Б	О-Б
Желдің шапшаңдығы		4-7	6-10	5-7	8-10	7	3-7	6-8

Ескерту: бес және одан артық тәулікке мәліметтердің нақтылығы төмен болып табылады.

Ана тілі - білімнің кілті

ТАПҚЫР ДОСТАР

Елбасымыз «Тіл - ата-баба аманаты. Ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа ұласқан, бабадан балаға жалғасқан ұлы мұралардың ұлысы алдымен әр ұлттың тілі ғой» деген. Ендеше ата-баба мұрасын жалғастыру, оның мәртебесін көтеру - мына баршамыздың міндетіміз, парызымыз деп білеміз.

Сол себепті ана тіліміздің қадір-қасиетін дарыту, ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, тіл біздің ертеңіміз, тіршілігіміз, өміріміз екенін түсіндіру мақсатында метебімізде тілдер апталығы өтті. Бастауыш сынып оқушылары да бұл апталыққа ат салысты. Жуырда бастауыш сыныптар арасында «Тапқыр достар» атты сайыс өтті. Динара Қошанқызы оқушыларға тіліміздің шығу тарихы, маңызы оның мәртебесін көтеру және туған тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған аға-ұрпақ өкілдерінің еңбектері туралы деректерді түсіндіре келе, сынып оқушыларымен сайысты бастады. Сайыс 4 бөлімнен тұрды: 1-бөлім: - Тіл туралы мақал-мәтелдер



(мақалдың бірінші жолы айтылады, оқушылар жалғастырады).

2-бөлім: - «Полиглот» (жұмбақтың шешуін қазақ, орыс, ағылшын тілінде жазып беру).

3-бөлім: - «Бәйге» викториналық сұрақтар.

4-бөлім: - «Ана тілім-мерейім» (оқушылар тілге деген құрметін жүрекке ұялаған өлеңдерімен жеткізеді).

Сайысқа әділ-қазылар алқасы: қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері - Қабақова С.С., Рахымова Ж.Т., Қинаятова Б.Т., орыс тілі пәнінің мұғалімі - Даирова А.Б. және бастауыш сынып мұғалімі - Жүсіпова М.Г. өздерінің әділ бағаларын берді.

Күлзира ҚҰСАЙЫНОВА,
Мәдениет ОМ-нің бастауыш
сынып мұғалімі.

Спорт

ОТБАСЫЛАР САЙЫСЫ

Жақында Халықаралық «Отбасы күніне» орай Саумалкөл ауылындағы №7 өртке қарсы қызметі бөлімінде отбасылық құндылықтарды насихаттау мақсатында бірқатар шаралар ұйымдастырылды.

Мереке барысында бөлім қызметкерлерінің ең үздік отбасылық суреттер байқауы ұйымдастырылып, әр аталымдар бойынша үздіктері анықталды. Солардың ішінде «Ең белсенді отбасы» аталымында Жетібаевтар, «Ең жас отбасы» аталымында Төлебаевтар, «Ең үлкен отбасы» аталымында Абаевтар, «Ең интеллектуалды отбасы» аталымында Бейсекеевтер, «Ең спорттық отбасы» аталымында Сыздықовтар отбасы және «Ең тату отбасы» аталымында Мұстафиндер отбасылары анықталды.

Сонымен қатар №2 Саумалкөл мектеп-гимназиясының спорт залында өртке қарсы қызмет органы қызметкерлері арасында «Әкем, анам және мен» атты отбасылар сайысы өтті.

Жеңіс үшін жан беріскен қарымды тартыста қарауыл бастығы, өртке қарсы қызметінің майоры Марат Сыздықовтың отбасы жүлделі І орынға қол жеткізсе, екінші орынды



жүргізуші, өртке қарсы қызметінің прапорщикі Валерий Козловтың отбасы иеленді. Ал жүлделі үшінші орынға жүргізуші, өртке қарсы қызметінің аға сержанты Уәлихан Тлеуленовтың отбасы лайық деп танылды.

Отбасы жарысының жеңімпаздары арнайы дәрежелі кубоктармен, грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Сайысқа қатысушы отбасы

мүшелері осындай игі шараларды тек қана мереке күндерінде ғана емес, демалыс күндерінде де отбасымен бірге жиналып өткізуді дәстүрге айналдырды.

Шоқан ЖЕТІБАЕВ,
Саумалкөл ауылындағы №7
өртке қарсы қызметінің
қарауыл бастығы,
өртке қарсы қызметінің
майоры.

Айыртау таңы

БАСПАСӨЗ-2016

Құрметті оқырман қауым!

Жыл бойы «Айыртау таңын» үзбей оқыған қалың қауыммен алдағы кезде де қайта қауышамыз деген ниеттеміз және қатарымыз бұрынғыдан да толығырақ түседі деген үміттеміз. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары: ана тілімізді, дініміз бен ділімізді, салт-дәстүрлерімізді насихаттаумен қатар, Тәуелсіз Қазақ елінің, туған ауданымыздың жаңа ғасырдағы жаңаша даму тарихын оқырман назарына уақытында жеткізуге тырысатын, аудан тұрғындарын қуанғанда қолдап, қайғырғанда жұбатып, көңілдеріңіздің алаң күйін бөлсестің, жандарыңызға жақын, ақыл-ойға серік, өздеріңіздің төл газеттеріңіз - «Айыртау таңына» жазылуға шақырамыз!

Жазылу бағасы: 1 жылға - 2256 тг., 6 айға - 1128 тг., 3 айға - 564 тг.

Айыртау таңы

Айыртау таңы

Айыртау таңы

Айыртау таңы

Айыртау таңы

Жыр отауы

Ұстаз деген ұлы сөз

Мен, ұстаз болғанымға қуанамын,
Шәкірттерді білімменен

суарамын.
Оқушы балаларым өз баламдай,
Тағдыры қымбат маған

әр баланың.
Томпаң қаққан бүлдіршін
алдымыздан,
Он бір жыл білімнің нәрін алған.
Тәрбиені үйретудің арқасында,
Кетеді азамат боп,

қуып арман.
Алаңдаймын: қай жолдарға
түсті екен деп,
Қайда жүрсе де аман-есен
жүрсе екен деп.

Хабарласып амандығын
білдіргенше,
Қоңырау тосып жүремің мен
өлеңдеп.

Ризамын балаларға қоңырау
шалған,
Англия, Ресей, Германиядан.
Әр баланың бір шалған

қоңырауы,
Артық бізге орден мен
медальдардан.
Шәкірттердің ішінде түрлі
мамаң,

Дәрігер, ұстаз, өртістер
өнін салған.
Техникалық ағылымның
саласында,

Қанша оқушы жоғары
атақ алған.
Қуанамын жақсы тәрбие
бергеніме,

Адамгершілік қасиетті екеніме.

Әр шәкіртім елі үшін, халқы үшін,
Аянбай еңбек етіп, маңдай

тер төккеніне.
Мысалға алайық
Серікбай Шәріпұлың,
Ізгіліктің келеді ұстап туын.
Лауазымы жоғары болса дағы,
Бас иіп алдымызда, берер қолын.
Саумалкөлді «Нұр»-ымен
нұрландыраған,

Қожасова Айгүлім менің балам.
Сыныптың жетекшісі
апайым деп,
Жұма сайын амандық
хабар алған.

Білікті дәрігер
Раушан
Шакишова,
Мұқиятпен қарайды әр адамға.
Мектептең, үйден алған
тәрбиесі,

Ұқсаттам қанатымен су сепкен
қарлығашқа.
Түлектер қамтып жатыр
әр саланы,

Қуанышым Қошанқызы
шот қағады.
Сыңарылғаан күлкісімен
Сәуле қызым,

Районда бір бөлімді басқарады.
Көргенде шәкірттерді
жаны жайсаң,
Қиындыққа берілмей болған
қайсар.

Еткен еңбек зая кетпеді деп,
Ұстаздық еткеніме

рахмет айтам!
Нұржәмила ӘЛІБЕКОВА.
Карасевка ауылы.

Туған тілім - тұғырым

Ең бірінші бақытым – тілім менің

Ең бірінші бақытым – тілім
менің,
Ана әлдің естисем күлімдедім.

Қамқоршысы бұл тілдің мына
біздер

Нығайтар мызғымас қып тіл
діңгегін.

Тіл білімі жатқан жоқ
ай астында

Тер төкпеген кіре алмас
саясына.

Жүз отыз ұлт бүгінде
білім алад,
Қазақ тілдің қамқорлық аясында.

Сүйенер сүйенісім тіл тірегім,
Тіліммен нәсерлеттім,
күркіредім.

Сөйлеп жатса бұл тілде
өзге ұлттар,
Еріксіз елжірейді ет-жүрегім.

Ана тіл, тарихым боп сыр
шерткендей,
Ана тіл, жайнай берші

нұр көктемдей.
Өзіңе пайдам тисе арманым жоқ
Қарлығаш қанатымен

су сепкендей.
Бақытым боп бірінші
тілім тұрса,

Ана тілі әлсіз рухты

сауықтырса.
Өмірден түңілгенмен кей
кездерде

Мұқағали болмаған сеннен құса.
Ойы да, мақсаты да

болмай айқын,
Кей қазақ туған тілден
алшақтайтын.

Мен санаймын оларды
арсыздарға,

Кесіп жатса бетің
қан шықпайтын.

Лайық болар әрқашан
тіл құрметке,
Мен теңеймін бұл тілді
күдіретке.

Өз тілдің бәрін біл, білімді бол,
Ана тілі арың болып

тұрар бетке.
Ана тіл жалын атып,
сенбегейсің,

Мәңгілік биіктерге өрлегейсің.
Әлемнен өз орныңды таңдап,
тауып,

Жаманның қорлығына
көнбегейсің.

Дәулет ҚҰРМАШ,
Дәуқара ОМ-нің
«Жас Ұлан» ұйымының
мүшесі.

2015 жылдың IV тоқсандағы «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы бойынша ТЖ бөлімі» ММ-де азаматтарды қабылдау кестесі

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы бойынша ТЖ бөлімі» ММ жұма сайын азаматтардың жеке мәселелері бойынша қабылдау жүргізеді.

Аптаның бейсенбі күні сағат 11.00-ден 13.00-ге дейін, ал аптаның жұма күндері сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін бөлім бастығы, өртке қарсы қызмет майоры **Ғазизов Ермек Ебрағимұлы** азаматтарды Саумалкөл селосы, Ықшам ауданда, 22 үйде қабылдайды.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы бойынша ТЖ бөлімі» ММ-де 8(7152) 52-21-72, 8(7152) 52-24-54 және Қазақстан Республикасының ІІМ Төтенше жағдайлар Комитетінің 8(7172) 32-32-86 сенім телефондары қызмет істейді.

Сенім телефондары арқылы сіздер Айыртау ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің мемлекеттік қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың тарапынан жіберілген құқықбұзушылықтарды, Ар-намыс Кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларды бұзу фактілерін хабарлай аласыздар. Ақпарат құпалылығы сақталады.

Меншік иесі және басып шығарушысы
«Айыртау-Информ» ЖШС-і.
Газет аудан әкімінің, аудандық
мәслихаттың тапсырысы бойынша
басып шығарылады және мемлекеттік
ақпараттық саясатты жүргізуде ресми
басылым болып табылады.

Директор, баспаның бас редакторы
Ирина БУРКОВСКАЯ
Редактор
Бағлан ҚОЖАҚОВ

Редакцияның адресі: Солтүстік Қазақстан облысы, Саумалкөл селосы,
Конституция көшесі, 72. Телефон 21-4-85, эл пошта:airtau_tany@mail.ru

Тілші Жанат СӘБИТОВ
Теруші Барқыт КОКЕНОВА
Басушы-теруші
Елена НЕСВЕТЕЕВА

Газет Петропавл қ., Мүсірепов көшесі 34 В үйдегі «Газетный двор» ЖШС-і баспасында басылған.